

А.Т. Аяфов,
ҚазГЗУ, конституциялық құқық және
мемлекеттік басқару кафедрасының аға оқытушысы

Көлік құралдарын басқарудың кейбір мәселелері

Қазіргі тандағы және болашақтың өзекті мәселелерінің бірі көлік құралдарын басқару. Оның ішіндегі проблемалы мәселе, ол - көлік құралдарын алкогольдік (есірткі, уытқұмарлық) мас күйде басқару. Көлік құралдарын жүргізушілердің дұрыс пайдаланбауы, яғни жүргізушінің алкогольдік (есірткі, уытқұмарлық) мас күйде болуы әсерінен жол жүру ережелері бұзылып, орны толмас қайғы-қасірет, өкініштерге алып келуде.

Көлік құралдарын алкогольдік (есірткі, уытқұмарлық) мас күйде басқару (жүргізу) ережелері әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада белгіленген. Оларды бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 467-бабында әкімшілік жауаптылық көзделген. Алайда, біздің ойымызша, бүгінгі күнде ді әрі болашақта да өзектілігін жоймайтын аталған мәселе әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада толық реттелмей отыр, яғни көлік құралдарын алкогольдік (есірткілік, уытқұмарлық) мас күйде жүргізуге қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алуда, оны тыюда әлсіздіктанытуда.

Мемлекеттік статистикалық мәліметтерді алып қарайтын болсақ, Республика аумағында 2012 жылдың 1-ші жартыжылдығының көрсеткіші бойынша жүргізушілермен көлік құралдарын алкогольдік мас күйде жүргізіп әкімшілік құқық бұзушылық жасағандардың саны - 47 026, оның ішінде жүргізуші құқығынан айырылғандары - 37 471, әкімшілік қамау - 9 282 адамға қолданылған. Бұл көрсеткіштерді 2009 жылдың бірінші жарты жылдығындағы статистикалық мәліметтермен (2009 жылдың бірінші жартыжылдығында көлік құралдарын алкогольдік мас күйде жүргізіп әкімшілік құқық бұзушылық жасағандардың саны - 38 265) салыстыратын болсақ, тақырып мәселесіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтың өскенін байқауға болады.

Олай болса, статистикалық мәліметтер жыл сайын елімізде көлік құралдарын алкогольдік (есірткілік, уытқұмарлық) мас күйде жүргізушілердің санының артып отырғандығын көрсетеді. Осыдан мынадай заңды сұрақ туындайды: қоғамымызға қауіп төндіретін жағдайдан шығатын жол қандай?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», 12-бабында:»... адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» деп бекітілген. Адам өмірін сақтауда мемлекет тарабынан не істелу керек?

Автокөлік жолдары адамдардың денсаулықтарына, өміріне қауіп төндіретін нысандардың бірі болып табылатыны барша жұртқа мәлім. Еліміздің аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктелген мемлекетіміздің бірден-бір органы - ішкі істер органдары. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты түрлі профилактикалық, қадағалау және бақылау шаралары жүргізіліп жатыр, алайда, нәтиже аз.

Жалпы құқық бұзушылықтың жасалуына себеп болатын жағдайларды анықтау, зерттеу және оның алдын алу құқық қорғау органдарына тән қызмет.

Алкогольдік ішімдіктердің адам ағзасына келтіретін зиянына қатысты, қысқаша тоқталатын болсақ, ғалым Жанжар Керімбек алкогольге қатысты зерттеу жұмыстарында «...арақшарап зардабын тигізбейтін бірде-бір мүше жоқ. Адамның түрлі қабілеттілігін нашарлатып жібереді» десе, Ресей социология институты академия ғылымының «Әлеуметтік аурулармен күрес» («Борьба с социальными явлениями») күнделігінде: «потребление алкоголя недопустимо даже минимальные дозы (...за рулем и т.д.)» деп көрсетеді. Интернет жүйесінен алынған «Влияние алкоголя на организм» тақырыбында мынадай зерттеу нәтижелері көрсетіледі: «Многочисленные опыты на животных показали, что после сравнительно небольших доз алкоголя у собаки гаснут выработанные условные рефлексы и восстанавливаются через шесть дней. Машинистка, которая перед началом работы выпила 25 гр. водки, делала ошибок на 15-20%, чем обычно. Водители автомашин пропускали

запрещающие знаки, стрелок не мог точно поразить мишень». Опытами, поставленными на образованных людях, доказано, что после приема так называемых «умеренных» доз, то есть 25-40 гр. алкоголя, высшие функции мозга восстанавливаются через 12-20 дней. Если же принимать алкоголь длительное время, то работа высших центров так и не восстанавливаются» деп түрлі зерттеу нәтижелері алынған.

Осы жүрігілген зерттеулерден көріп отырғанымыздай, көлік құралдарын алкогольдік (есірткі, уытқұмарлық) мас күйде жүргізушілерде реакциялық жағдайларының күрт төмендеуі, толық әрекет қабілеттілігінің болмауын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген дәлелді мысалдарды ескере келе, көлік құралдарын жүргізушілердің алкогольдік (есірткілік, уытқұмарлық) мас күйде басқаруы қоғамымызға қауіпті екендігі сөзсіз деп тұжырымдаймыз. Адамдардың өміріне, денсаулықтарына зор қауіп төндіретін, құқыққа қайшы әрекет бұл - қылмыс.

Олай болса, қоғамда туындаған объективті мәселелерді реттеуде мемлекетіміздің құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметі ұлттық ерекшеліктерімізге, қасиеттерімізге сай негізде жүзеге асырылуы тиіс деп атап көрсетуге болады. Тек сонда ғана мемлекетіміздің, халқымыздың, қоғамымыздың қауіпсіздігі, болашағы сақталмақ.

Арақ, шарап (есірткі) атадан қалған ас емес («ас» деуге де болмас), оған аса қатаң түрде тыйым салып, болашақты ойлағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV Қазақстан Республикасы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліген) // ЮРИСТ [Электрондық ресурс]: анықтама жүйесі / Ақмола аймақтың жүйесі. - Астана: Юринфо, 2012. - қазақ тілінде.*

2. *ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2001 жыл 30 қаңтар.*

3. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №167*

Кодексі

4.»Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Қазақстан Республикасының Заңы

4. Жол жүру Ережесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы №1650 қаулысы

5. Ермахан А.К. «Зиянды әдеттердің ұрпақ тағдырына әсері және денсаулық».- Алматы «Білім баспасы», 2003.